



**«ЖАҢА ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның  
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-  
практической конференции**

**«СИСТЕМА ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В  
УСЛОВИЯХ НОВОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ  
РЕАЛЬНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific  
and practical conference**

**“THE SYSTEM OF STATE AUDIT IN THE CONTEXT  
OF A NEW REALITY”**

**НҰР-СҰЛТАН 2021**

**УДК 657.6**  
**ББК 65.053**  
**С23**

**С23** Сборник докладов международной научно- практической конференции «Система государственного аудита в условиях новой исторической реальности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference “The system of state audit in the context of a new reality” = «Жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудит жүйесі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Нұр-Сұлтан: - 549 б.

**ISBN 978-601-337-598-4**

Жинаққа жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in the context of a new historical reality

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях новой исторической реальности

**ISBN 978-601-337-598-4**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2021

4. Теория государственного аудита. – Астана: Счетный комитет по контролю за исполнением республиканского бюджета. 2018. – 328с.

5. Государственный финансовый контроль: Учебник. – Астана: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева. 2019. – 391с

6. Официальный сайт КВГА, «Итоги деятельности КВГА за ... год» <https://www.gov.kz/memleket/entities/kvga/press/article/details/39286?directionId=90&lang=ru>

7. Официальный сайт Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам РК <https://stat.gov.kz/>

## КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТИЛЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ СӘЙКЕСТІК АУДИТІ

**Жуманалиева А.Б.**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті  
Нұр-Сұлтан қ, Қазақстан Республикасы  
**E-mail.ru:** [zhumanaliyevaa@bk.ru](mailto:zhumanaliyevaa@bk.ru)

**Аннотация:** Мақалада квазимемлекеттік сектор субъектілер қызметінің сәйкестік аудиті жайындағы мәселелер жан-жақты қарастырылады. Мақсаты – квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу және аудит бойынша аудиторлық қорытынды беру, сәйкестік аудитін ұйымдастыру мәселелерін анықтау болып табылады. Мұнда квазимемлекеттік сектор субъектілер қызметінің талдау, ақпарат көздерін шолу әдістері қолданылды. Одан әрі халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес мемлекеттік сектордың сәйкестік аудитінің мақсаттары, элементтері, жолдары, республикадағы мемлекеттік органдардың сәйкестік аудитінің негізгі бағыттары қарастырылған.

**Түйінді сөздер:** аудит, сәйкестік аудиті, мемлекеттік ресурстар, квазимемлекеттік сектор субъектілері, мемлекеттік аудит, аудиторлық қызмет, аудиторлық қорытынды, аудиттелетін субъекті.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» және «Аудиторлық қызмет туралы» заңдарына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит жүргізу және сол аудит бойынша аудиторлық қорытынды шығарудың айқындалған өзіндік қағидалары қарастырылған. Аудиторлық қорытынды берудің белгілі бір тәртіптері айқындалып сол бойынша жүзеге асырылады [1,2].

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңасаяси бағыты» атты 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Жолдауында мемлекеттік қаржылық бақылау органдары алдына ең озық әлемдік тәжірибелер негізінде мемлекеттік аудиттің кешенді жүйесін құру туралы маңызды міндет қойды [3].

Мемлекеттік қаржылық бақылау мен мемлекеттік аудиттің ізіндік негізгі қағидалары Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы №634 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында Мемлекеттік аудиттің ізіндік тұжырымдамасында айтылған болатын [4].

Квазимемлекеттік сектор – жалпы түсінік бойынша ол мемлекеттің жеке секторға қатысты негізгі үлесі бар кәсіпорындар санатын құрайды. Қазақстанда мұндай кәсіпорындар көптеп саналады. Мемлекет нарық заңымен өмір сүруге дағдылану үшін бюджет есебінен қаржыны барынша тиімді жұмсауды қолға алып, тиімді жұмыс істеп тұрған экономика салаларына мемлекеттің қатысуын шектеу бойынша да жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Алдымен төмендегі негізгі ұғымдар мен терминдерге тоқталып, анықтап алатын болсақ:

- квазимемлекеттік сектор субъектілеріне *арнайы мақсаттағы аудит* – ол квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бюджет қаражатын пайдалану мәселесі бойынша аудит;

- квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит бойынша аудиторлық қорытынды – осы қағидаларда көзделген талаптарға сәйкес, бюджет қаражатын пайдалану мәселелері бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудиттің нәтижелері бойынша жасалған жазбаша ресми құжат;

- квазимемлекеттік сектордың аудиттелетін субъектісі – өзіне қатысты арнайы мақсаттағы аудит жүргізілетін және бюджет қаражатының түпкілікті алушысы болып табылатын квазимемлекеттік сектор субъектісі.

Мемлекеттік аудитордың орындауға тиісті міндеттері де бар. Демек, Қазақстан Республикасының заңнамасын, мемлекеттік аудит объектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға, белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмеуге, т.б. міндеттерді орындауға тиісті болып есептеледі.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарды бұзудың алдын алу, оны анықтау және оның жолын кесу бойынша берілген өкілеттіктерді уақтылы және толық орындауға, мемлекеттік аудитті қатаң түрде мемлекеттік аудиттің бағдарламалары мен стандарттарына сәйкес жүргізуге, мемлекеттік аудитті жүргізу кезінде мемлекеттік аудит объектілерінің басшысына кедергі жасамауға, мемлекеттік аудит нысанына қатысты мәселелер бойынша түсініктер беруге, мемлекеттік аудит нәтижесінде алынған құжаттар мен мәліметтердің құпия сақталуын қамтамасыз етуге, оның ішінде мемлекеттік құпияларға, қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияға жататын мәліметтерді жария етпеуге міндеттеледі.

Негізінен квазимемлекеттік сектор субъектілеріне мемлекет акционері болып табылатын мемлекет қарамағындағы кәсіпорындар, акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, ұлттық басқарушы холдингтер мен ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сонымен қатар өзге де заңды тұлғалардың аффилиленген еншілес және тәуелді ұйымдары жатады.


Осыдан он жылдай бұрын квазимемлекеттік сектор ұйымдары «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңнан шығарылып тасталып, Қазақстан

Республикасы Парламенті қабылдайтын «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның аясында мемлекеттік сатып алулардың тәртібі мен мінсіздігі тетігіне жаңа өзгерістер енгізілген болатын.

Халықаралық стандарттарға сәйкес ішкі аудит ұйымының ішкі бақылау жүйесінің жұмысқа жарамдылығын қолдап, оның тиімділігі мен нәтижелігін бағалау мен оны жетілдіре түсуге көмек көрсету еліміздегі бүгінгі күндегі басты міндеті. Бұл кездері ішкі аудит сыртқы аудитке қарағанда, тиімдірек болу себебі ішкі аудитордың бизнесті жақсы білгендігінен тиімді ұсыныстар бере алуында болады.

Ішкі аудит әкімшілік мүддесіндегі шаруашылық қызмет ұйымының нәтижелерін тексеру мен бағалау бойынша тәуелсіз қызметке жатады. Ішкі аудит әлем тәжірибесінде өндірістік орта және кіші кәсіпорындарында, құрылыстарда, көліктерде, байланыс пен басқа күрделі басқару құрылымы бар салаларда кең тараған. Ішкі аудит қызметінің болуы сыртқы аудиторлар жағынан клиент есебіне сенімділігін арттырады [5].

Қазақстанның квазимемлекеттік секторында бүгінгі таңда үлкен көлемдегі қаржылар игеріліп, бюджет жағдайында мемлекеттік сатып алулар көлемінен квазимемлекеттік сектордағы сатып алу асып тұрғаны байқалады. 2013 жылы мемлекеттік сатып алу көлемі 1,6 триллион болса, «Самұрық-Қазына» жүйесіндегі сатып алу 3,5 триллион болып, жалпы мемлекеттік бюджет 7 триллионға жетті (сурет 1). Ал соңғы жылдары «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры сатып алудың жаңа форматын енгізіп, 2018 жылдың соңғы бес айында ұлттық қор шамамен 1,5 млрд теңге қаржы үнемдеп, қаржыны тиімді жұмсауға, сатып алу шараларының ашықтығын арттыруға өз үлесін қосуда. Бұл – бәсекелестікті кеңейтудегі жаңа ережелердің нәтижелі екендігінің белгісі. 2018 жылдың ақпан айынан бері сатып алуларға жоспарланған 8,2 млрд теңгенің орнына 6,7 млрд теңге жұмсауына байланысты, 2018 жылдың сәуірінен бастап 9,6 млн теңгеге дейінгі баға ұсынысын сұрау арқылы өтетін сатып алулар біліктілік бойынша іріктеу шарасынан босатылды [6].



Сурет 1. Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы сатып алу көлемі.

Осындай келелі міндеттерді шешу үшін республикамыздағы жеке бизнестің дамуына ықпал ету, экономикадағы мемлекет үлесін дамыған елдер деңгейіне дейін азайту мақсатында квазимемлекеттік сектор субъектілерінің нақты тізімі жасалады. Үкімет бұл жекешелендіру арқылы ішкі рыноктан бюджетке қаржы тартып, ел экономикасына кедергі келтіретін факторларды реттей отырып, мемлекеттік шығындарды азайтуды көздейді.

Сонымен қатар, мемлекеттік аудитті жүргізу барысында шешім қабылдау кезінде бейтарап болуға, мүдделердің қақтығысына ықпал ететін жағдайлар болған жағдайда оны хабарлауға, мемлекеттік аудит нәтижелерін мемлекеттік аудит барысында алынған ақпаратқа және жиналған нақты деректерге ғана негіздеуге міндетті [7].

Квазимемлекеттік сектордың әлеуметтік-экономикалық дамудағы рөлі күннен күнге арта түсуі, бүгінгі жаһандану дәуірінде жеке компаниялар әлеуметтік экономикалық сипаттағы мәселелерді талқылау кезінде өз шарттарын алға қоюға және нарықтағы жағдайын максималды тиімді пайдалану мүмкіншіліктеріне ие болып отыр.

Жалпы алғанда, мемлекеттік аудиттің басты мақсаты – экономикалық саясаттың табысты іске асырылуына қолдау көрсету, елдің, өнімнің, саланың және т.б. өндірістік әлеуетін тиімді пайдалану екені белгілі.

Мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүргізу арқылы: мемлекеттік органдар мен республикалық бюджеттен қаржыландырылатын квазимемлекеттік сектор субъектілері сатып алатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің мерзімі, көлемі, бағасы, саны, сапасы

бойынша шарт талаптарының орындалуын жүзеге асырады. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өздеріне бөлінген бюджет қаражатын пайдалануын қаржы экономикалық негіздемеге сәйкестігі тұрғысынан тексеруді мақсат тұтады.

Сәйкестік аудитінің қызметіне аудит объектісінің заңнамасын сақтай отырып, оның қызметін регламенттейтін құқықтық актіні бағалау жатады.

Егер сәйкестік аудиті өз алдына жеке өткізілетін болса, алдымен бақылау материалдарымен мұқият танысып алады. Содан соң бюджет қаражаттары түсімдері мен оларды пайдалану операцияларын бақылау объектісін орындау кезінде заңды нормаларын сақтауды нақтылы сәйкестікке бақылау жасайды.

Жекешелендіруге жататын нысандар тізімі Қаржы министрлігіне қарасты мемлекеттік мүлік реестрінің веб-порталында және баспасөз беттерінде жарияланады.

Квазимемлекеттік меншікті жекешелендіру ұлттық компанияларға артық салмақ түсіріп отырған кейбір құрылымдарды оларға өз еншісін бере отырып қайта құрудан басталады.

Қазір бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың және пайдаланудың тиімділігін арттыруды бақылаумен Президенттің Жарлығымен құрылған тексеру комиссиясы айналысады.

Сәйкестік аудитін өткізуде басшылықтарда сәйкестік аудитор құжаттарында бірқатар бірізді іс-қимылдар нәтижелері қарастырылады. Қазақстандағы сәйкестік аудитінің әзірлемелері мен нормативтік-әдістемелік базасын қалыптастыруда негізге қолда бар құрылымдық стандарт пен әдістемелік басшылық алынады. Стандарт және Басшылық бойынша сәйкестік аудитін өткізуде шешуші критерий сәйкестік және имплементация қажет.

Сәйкестік аудиті тәуелсіз, объективті және сенімді болғаны дұрыс. Сол себепті аудит объектісі қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілері талаптарына сәйкес нақты атқарылуын анықтап алған дұрыс [8].

Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайымақсатта аудитжүргізуге және оларға аудиторлық қорытынды беру қағидалары мемлекеттік аудитті жүргізуде маңызды орын алады. Арнайымақсаттағы аудитжүргізуде бюджеттік кредиттер, қарыздар, бюджеттік инвестициялар, мемлекеттік концессиялық міндеттемелер секілді квазимемлекеттік сектор субъектілері басшылыққа алынады.

Қарыздар мемлекеттік және мемлекетке пілдік берген және мемлекетке пілгерлігі мен тартылатын қарыздар болып үшке бөлінеді.

Заңды тұлғалардың қарғылық капиталдарын қалыптастыру және ұлғайту, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру жолымен мемлекет активтерін құру немесе дамытудағы бюджеттік инвестициялар, гранттар да тексеріледі.

Мемлекеттік тапсырыс түріндегі бюджет қаражатын пайдаланған кезде бюджет қаражатының қозғалысы бюджеттік бағдарлама әкімшісінен бастап, бюджет қаражатын түпкілікті алушыға дейін аудиторлық қорытындыда

көрсетіледі де жыл сайын міндетті түрде арнайы мақсаттағы аудит жүргізіліп отырады.

Арнайы мақсаттағы аудит тапсырыс беруші субъекті мен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес арнайы мақсаттағы аудит жүргізу туралы шарт негізінде жүргізіліп, шарт талаптарымен айқындалады.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының мемлекеттік аудит көлемдерін қысқарту мақсатында Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетін, аудиторлық қызмет саласын реттейді. Аудиторлық және кәсіби аудиторлық ұйымдардың аудиторлық қызметін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органды арнайы мақсаттағы аудит жүргізу туралы алдын ала хабарлайды. Мұнда аудиттелетін субъектілерді тексеру солжылдың 1 қарашасына дейін жоспарланады.

Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың еншілес және тәуелді заңды тұлғаларына хабарлама жіберіледі, жасалған шарттың көрсетілген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде аудиттің басталғанын айтады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудиттің нәтижелеріне белгілі бір қағидаларға сәйкес нысан бойынша аудиторлық қорытынды жасалады, оның үш данасы басылып, оған біліктілік куәлігінің нөмірі мен берілген күнін көрсете отырып аудитор-орындаушы қолқояды, оның жеке мөрі мен куәландырылады. Соңынан оны аудиторлық ұйым басшысы бекітіп, ұйымның мөрі мен куәландырады.

Аудиторлық қорытындының бір данасын аудитор-орындаушы аудиттелетін субъектіге танысу үшін ресми хат арқылы ұсынады.

Аудиттелетін субъекті аудит нәтижелері мен келіспеген жағдайда, қорытындыны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде анықталған қателіктердің әрбір тармағы бойынша тиісті түсіндірмелері мен қарсылықтарын аудиттелетін субъектінің басшысы қолымен қойып аудиторлық ұйымға ұсынады.

Аудиторлық ұйымның Есеп комитетіне аудиторлық қорытындыны бекіткен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жіберетін оның үшінші данасына қажетті құжаттардың көшірмелері, аудитор жүргізген есептеулер, аудит бағдарламасының көшірмесі, аудиттелетін субъектінің жазбаша түсіндірмелері мен қарсылықтары және оларға аудиторлық ұйымның берген жауаптары, арнайы мақсаттағы аудит барысында анықталған алшақтықтар бойынша басқа да қажетті материалдар қоса беріледі.

Соңынан есеп комитеті осы қағидалардың 12-тармағына сәйкес, аудиторлық ұйым ұсынған құжаттарды арнайы дерек қорға орналастырады.

Есеп комитеті арнайы мақсаттағы аудиттің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның нәтижелерін бақылауды жүзеге асырады.



Кешенді жоспар бойынша, алдымен коммерциялық кіріс түсіруге бейімделген мемлекеттік компаниялар жекешелендіріледі. Одан соң, стратегиялық маңызы жоқ бейінді активтерді жеке секторға өткізіп, холдингтер мен ұлттық компаниялардағы бейінді емес активтер мен нысандар сатылады. Мемлекет иелігін тиімді құрылым етіп қайта жасақтау мақсатында қалған мемлекеттік активтерді қайта құру жүргізіліп, нәтижесінде мемлекет құзырына экономика саласында стратегиялық маңызы бар активтер мен әлеуметтік қызмет көрсететін ұйымдар іріктеліп қалады.

Квазимемлекеттік секторларда мемлекеттік меншікті басқару мен жекешелендіру үдерісінде айна-қатесіз ашықтық пен айқындылықты қамтамасыз етіп, мінсіз беделге ие партия мүшелерін мемлекеттік аппараттағы жауапты қызметтерге ұсыну үшін кадрлық резерв жасақтау, нәтижелі жұмысы үшін моральдық және материалдық ынталандыру жүйесін дамыта отырып, мемлекеттік қызметшілердің, бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысын көтеруді қамтамасыз ету шаралары қажет деп табылады.

Қорыта келгенде, квазимемлекеттік секторда қаржыны тиімді жұмсау үшін сатып алу және бақылау үдерістерін реттеуді көздейді. Аудит жүргізудің қорытынды есеп жасау кезінде анықталған құқық бұзушылықтар кәсіби шешім жасауда қателіктерге ұрынбау үшін кәсіби тұжырымдар басты роль ойнайды. Қазақстанда бұл тәжірибе мемлекеттік аудит бағыттарын шектеу және аудиторлардың кәсіби шешімдерін есепке алу негізінде олардың жауапкершілігін арттыруды талап етеді. Бұлай болу себебі ішкі аудитті реттеу мәселесі елімізде толық және жүйелі түрде шешімін толық таппаған. Осы саладағы реформа процесінің кенжелеп дамуына ішкі аудиттің нақты әдіснамалық әзірлемесінің болмауы, оларды шешудің проблемалары мен әдістерінің сирек талданатыны әсер етіп отыр. Сондықтан Қазақстан Республикасында осындай мәселелерді шешу үшін ішкі аудиттің терминологиялық-теориялық және әдістемелік аппаратын объективті түрде жақсарту қажеттігі алдыңғы кезектегі міндеттердің бірі болып саналады.

### **Пайдаланылған дебиеттер тізімі:**

1. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2015 жылғы 12 қараша.
2. «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 қарашадағы Заңы, 18-3-бабы.
3. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Жолдауы.
4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы № 634 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында Мемлекеттік аудитті енгізу» тұжырымдамасы.
5. Абленов Д.О. Аудит негіздері. Оқулық. -Алматы. Экономика, 2007. - 420 б.

6. <https://inbusiness.kz/kz/news/%C2%ABsamuryk-kazyna%C2%BB-karzhy-unemdeudin-zholyn-tapty>

7. Ковалева О.В., Константинов Ю.П. Аудит: Учебное пособие. – М.: ПРИОР, 2000. – 272с.

8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңы, 12 қараша 2015 жыл.

## **COMPLIANCE AUDIT WITH THE USE OF BUDGET FUNDS IN THE FIELD OF AGRICULTURE**

*Zakariyeva A.U.*

student of the Government audit department

L.N. Gumilyov Eurasional National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

**Email:**[asselzakariyeva@gmail.com](mailto:asselzakariyeva@gmail.com)

*Serikova M.A.*

Doctor PhD

L.N. Gumilyov Eurasional National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

**Email:**[madina2281@mail.ru](mailto:madina2281@mail.ru)

Compliance audit, as a type of governmental audit, which is an integral part of financial control, which makes it possible to identify facts of infringement of the requirements of regulatory legal acts of the Republic of Kazakhstan. A particularly important part of audit compliance is ensuring the proper execution of budgetary funds by any government agency, including in all areas of the country. The relevance of the research topic lies in the importance of state support for agricultural producers. At the same time, state support for the agricultural sector of the economy is a comprehensive system of support, ranging from customs regulation of agricultural products imported into the country and ending with ensuring a minimum level of profitability for rural economic entities, as well as rational organization of the use of state support funds, proper control over compliance with their target use.

Аудит соответствия, как вид государственного аудита, представляющий собой неотъемлемую часть финансового контроля, что позволяет выявить факты нарушения требований нормативных правовых актов РК. Особенно важной частью комплаенса аудита является обеспечение надлежащего исполнения бюджетных средств любыми государственными органами, в том числе во всех сферах страны. Актуальность темы исследования, заключается в значимости государственной поддержки сельскохозяйственных товаропроизводителей. Вместе с тем, государственная поддержка аграрного сектора экономики представляет собой комплексную систему обеспечения, начиная от таможенного регулирования ввозимой в страну сельскохозяйственной продукции и заканчивая обеспечением минимального уровня рентабельности для сельских хозяйствующих субъектов, а также